

**Докторант Ахметова Эльмира Қалдыбековнаның 8D01110 –
Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін орындалған «Мүмкіндігі шектеулі балаларға
инклузивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық
ынтымақтастығы» диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшісі,
п.ғ.д., доцент Н.Ш. Алметовтың**

ПІКРІ

Бұгінде еліміздің саясаты барлық азаматтардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени мәртебесіне қарамастан сапалы білім алу құқығына басымдық беруге бағытталған. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу, оларға мемлекеттік стандарттар деңгейінде білім мен саналы тәрбие беру отандық білім беру жүйесі дамуының қазіргі заманғы және таяу болашақтағы басымдық міндеттері қатарына жатады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы қыркүйектің 2-ші жүлдізында «Сындарлы қоғам диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» - атты Қазақстан халқына Жолдауында Отбасы және бала институтын қолдау, инклузивті қоғам құру мәселесіне ерекше тоқтала отырып: «Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз» - дей келе осы бағытты қолдау мақсатында Үкіметке үш жыл ішінде кем дегенде 58 миллиард теңге бөлуді тапсырды. Сонымен қатар, «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» - атты кезекті Жолдауында Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклузивті болуға тиіс екенін ерекше атап өтті.

Осы тұста президентіміз «Өскелен ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – біздің жалпыұлттық міндеттіміз», «Балаларға ерекше назар аудару керек. Олар – мемлекеттіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі деген ұстаныммен 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Осы жыл көлемінде атқарылатын іс-шаралар аясында мүмкіндігі шектеулі балалардың қабілеттері мен тұлғалық әлеуетін толыққанды жүзеге асырылуына барынша жағдайлар жасау - бүгінгі таңда өзекті әлеуметтік-педагогикалық мәселе екендігін айқынданап отыр.

Соңғы жылдары инклузивті білім беруді жетілдіруде үйимдастырушылық-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық бағыттарда ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылууда. Дегенмен, инклузивті білім беруді дамытуда өз шешімін күтетін мәселелер аз емес. Мысалы, жаппай педагогикалық іс-тәжірибеде инклузивті білім берудің әлі де кеңінен таралмауы. Инклузивті білім берудің тиімділігіне әсер ететін жағдайлардың толық қарастырылмауы. Мүмкіндігі шектеулі балалардың өз мекен-жайы бойынша білім алу құқығын қамтамасыз ету. Жалпы білім беретін мектепте кейбір ата-аналардың бұл үрдісті қолдамауы және мұғалімдердің инклузивті білім беру және ата-анамен әрекеттесу құзіреттілігін дамыту. Білім беру мекемелерін ғылыми және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етудің төмен деңгейі және т.б.

Диссиденттант ғылыми жұмысында инклюзивті білім берудегі осы аталған мәселелердің шешімін мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығын тиімді жүзеге асыру арқылы қарастырып отыр.

Осы тұрғыдан докторант Э.К. Ахметованаң ұсынып отырған диссертациялық жұмысы өзекті болып табылады, өйткені ол педагогикалық теория мен тәжірибелі маңызды міндеттерін шешуге бағытталған.

Зерттеу жұмысының нысаны - жалпы білім беретін мектепте инклюзивті білім беру жағдайында мектеп пен отбасының ынтымақтастық үдерісі.

Зерттеу пәні - мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығы.

Диссертацияның құрылымы зерттеудің кешенді сипаты мен логикасына, оның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.

Инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы педагогикалық ынтымақтастығының әдістемелік тұғырлары зерттеушіге мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру мен оларды тәрбиелеуде педагогтар мен ата-аналардың серіктестік қатынастарының өзекті бағыттары мен мазмұндық құрылымын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді. Зерттеліп отырған мәселені шешу барысында қазіргі педагогикалық теориядағы заманауи білім беру парадигмаларына негізделіп, мектеп пен отбасы педагогикалық ынтымақтастығы инклюзивті білім беруді дамытудың шарты ретінде анықталған.

Диссиденттант Э.К. Ахметова қазіргі мектептегі инклюзивті білім беруде «мектеп-отбасы» ынтымақтастық жүйесінің теориясы мен тәжірибесіне талдау жасап, оның факторлары мен ерекшеліктері туралы тұжырымдар жасаған.

Диссертацияның елеулі нәтижелерінің бірі – инклюзивті білім берудегі мектеп пен отбасы ынтымақтастығының педагогикалық шарттарының айқындалуы. Зерттеуші мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыста мектеп пен отбасы ынтымақтастығының тиімділігін арттыратын жаңа мүмкіндіктерді анықтаған және негіздеген.

Диссиденттант әзірлеген мүмкіндігі шектеулі балаларға иклюзивті білім берудегі мектеп пен отбасы ынтымақтастығының функционалдық-құрылымдық моделі, зерттеу үдерісін біртұтас жүйе ретінде қарастырып, компоненттері мен көрсеткіштерінің құрамдас функционалдық байланыстарын нақты сипаттаған.

Зерттеу барысында мүмкіндігі шектеулі балаларға иклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығының әдістемесі тәжірибелік сынақтан өткізілген және алынған нәтижелерге талдау жасалған.

Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелерін талдау, авторға мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруді жетілдіру бойынша теориялық және практикалық маңызды қорытындылар мен тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны 12 ғылыми еңбекте жарық көрген. Оның ішінде: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінде – 3 мақала, «Scopus» базасына енгізілген басылымда «World Journal on Educational Technology: Current Issues» (процентиль 51, Q2) – 1 мақала, РФ Білім және ғылым министрлігінің жоғары аттестаттау комиссиясы бекіткен басылымда (ВАК РФ, РИНЦ) – 1 мақала, және республикалық, халықаралық және шетелдік деңгейдегі конференциялар материалдарында – 8 мақала жарияланған.

Диссертациялық жұмыстағы барлық ережелер мен қорытындылардың негізділігі мен сенімділігі, зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы, диссертацияның тұластығы, аяқталғандығы, дұрыстығы, жұмыстың педагогикалық теория және практикалық маңыздылығы Ахметова Эльмира Қалдыбековнаның 8D01110 – Педагогика және психология мамандығы бойынша орындалған «Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығы» диссертациялық жұмысын қорғауға жіберу туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде диссертациялық жұмысқа оң баға беруге болады, ал оның авторы – Ахметова Эльмира Қалдыбековна 8D01110 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық.

Ғылыми жетекші,
педагогика ғылымдарының
докторы, доцент



Алметов Н.Ш.

М.Әузев атындағы Оңтүстік
Қазақстан университетінің
Фалым хатшысы



Досыбеков С.Қ.